

Цифрлық экономика дәуіріндегі материалдық емес активтердің рөлі мен дамуы: Қазақстан тәжірибесі және болашағы

Г.С. Қасымханова¹, А.Қ. Берденова², А.Е. Мұратова³

¹ Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы

^{2,3} «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері
guldana_705@mail.ru , beerdenova@gmail.com , murat.almi03@gmail.com

^{1,2,3} Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Қазақстандағы материалдық емес активтерді басқару мен бағалау тәжірибесінің даму мәселелері қарастырылып, Kaspi.kz компаниясының мысалында қаржылық көрсеткіштер талданған. Елдің «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында материалдық емес активтердің дамуының маңыздылығы және оларды басқарудың болашағы атап өтіледі.

Кілт сөздер: Материалдық емес активтер, цифрлық экономика, инновациялар, деректер, интеллектуалдық меншік, Kaspi.kz, Қазақстан, рентабельділік, цифрлық трансформация.

Цифрлық экономиканың дамуы жағдайында материалдық емес активтер компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуының маңызды факторына айналуға қазіргі әлемде экономикалық құндылық көбінесе материалдық ресурстармен емес, біліммен, инновациялармен, брендтермен және технологиялармен анықталады. Мұндай активтерге мысал ретінде, патенттер, авторлық құқықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету, сауда белгілері мен компанияның беделін жатқызамыз. Материалдық емес активтер қосымша құн қалыптастырудың және ұзақ мерзімді бәсекелік артықшылықтың негізін құрайды.

Цифрлық экономика материалдық емес активтердің рөлін күшейтіп, бизнес тәжірибесіне жаңа элементтерді енгізуде, соның ішінде деректер, алгоритмдер және платформалар жатады. Материалдық емес активтерге негізделген компаниялар жоғары табыстылық пен өсіп келе жатқан әлеуетті көрсетіп, жаһандану мен цифрландыру жағдайында олардың стратегиялық маңыздылығын дәлелдейді. Алайда, компания үшін материалдық емес активтерді басқару мен бағалау күрделі міндет болып қала береді. Есепке алудың бірыңғай тәсілдерінің болмауы, өлшеу қиындықтары және мұндай активтерді құқықтық қорғау компаниялар мен зерттеушілерге бірқатар мәселелерді туғызады. Осы мақалада цифрлық экономика жағдайында материалдық емес активтердің рөлі, олардың есебі, бағалануы және Қазақстандағы даму перспективалары талқыланады.

Мақаланың мақсаты — цифрлық ортада материалдық емес активтерді пайдалану ерекшеліктерін талдау және олардың тиімділігі мен қорғалуын арттыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Цифрландыру дәуіріндегі материалдық емес активтердің маңызы: олардың компаниялардың ең құнды ресурсына айналуында. Технологиялардың дамуымен және интернеттің кең таралуымен дәстүрлі активтерді пайдалану екінші орынға түсіп, интеллектуалдық меншіктің, бағдарламалық қамтамасыз етудің және деректердің құндылығы артып келеді. Мұндай активтер компанияларға инновацияларды жылдам енгізуге, нарықта бәсекелестік артықшылыққа ие болуға және клиенттермен ұзақ мерзімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Цифрлық экономика жаңа активтердің пайда болуына ықпал етті. Жаңа түрдегі материалдық емес активтерге деректер, алгоритмдер, платформаларды жатқызамыз. Егер дәстүрлі материалдық емес активтерге патенттер мен авторлық құқықтар жатса, бүгінгі күні деректер, алгоритмдер және цифрлық платформалар жаңа құнды ресурстар ретінде танылуға.

– Деректер компаниялардың негізгі стратегиялық активі болып табылады. Көптеген заманауи бизнестер өз шешімдерін үлкен деректерді талдау негізінде қабылдайды. Мысалы, клиенттердің мінез-құлқын зерттеу, нарықтық трендтерді болжау және операциялық тиімділікті арттыру деректердің арқасында жүзеге асады.

– Алгоритмдер – деректерді өңдеу мен қолдану тәсілдерін қамтамасыз ететін маңызды құрал. Компаниялар алгоритмдерді пайдалана отырып, өнімдерін жекелендіріп, клиенттердің қажеттіліктерін жылдам қанағаттандыра алады.

– Платформалар цифрлық бизнес-модельдердің негізіне айналды.

Материалдық емес активтер заманауи бизнес үшін бәсекелестік артықшылықтың басты көзі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, дамыған елдердегі ірі компаниялардың нарықтық құнының 70%-дан астамы олардың материалдық емес активтеріне негізделеді[1].

Бұл құбылыс Қазақстан үшін де маңызды. Цифрлық трансформация елдегі компанияларға жаңа мүмкіндіктер ашуда, бірақ материалдық емес активтерді тиімді басқару тәжірибесінің болмауы кейбір қиындықтарға әкелуі мүмкін. Қазақстанда деректерді қорғау, интеллектуалдық меншік құқықтарын сақтау және осы активтердің нарықтық құнын бағалау сияқты мәселелер ерекше назар аударуды талап етеді.

Қазақстан цифрлық трансформацияны басым бағыттардың бірі ретінде қабылдады. Елде «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда, ол цифрлық технологияларды енгізу арқылы экономиканың тиімділігін арттыруды көздейді. Бұл тұрғыда материалдық емес активтердің рөлі ерекше. Дегенмен, Қазақстанда материалдық емес активтердің құндылығын түсіну мен оларды тиімді басқару әлі де даму сатысында. Жергілікті компаниялар, әсіресе шағын және орта бизнес, бұл активтерді дұрыс бағалап, оларды басқаруға қажетті құралдарды әлі толық меңгермеген.

Болашақта материалдық емес активтерді дұрыс бағалау мен қорғау үшін заңнаманы жетілдіру, бизнеске қолдау көрсету және халықаралық тәжірибені енгізу маңызды болмақ. Қазақстанның цифрлық экономикадағы табысы материалдық емес активтерді тиімді пайдалануға тікелей байланысты.

Kaspi.kz компаниясы Қазақстандағы жетекші финтех ұйымдарының бірі болып табылады және оның қызметі негізінен материалдық емес активтерге негізделген. Компанияның негізгі материалдық емес активтеріне мыналар жатады:

– Бағдарламалық қамтамасыз ету: Kaspi.kz өз клиенттеріне ыңғайлы және функционалды мобильді қосымшаны ұсынады, бұл қосымша арқылы пайдаланушылар төлемдер жүргізу, сатып алулар жасау, банктік қызметтерді пайдалану және басқа да операцияларды орындай алады. Бұл бағдарламалық қамтамасыз ету компанияның маңызды активі болып табылады.

– Бренд және сауда белгілері: Kaspi.kz бренді Қазақстан нарығында жоғары танымалдыққа ие және компанияның құндылығын арттырады. Сауда белгілері мен бренд құндылығы материалдық емес активтердің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

– Клиенттік база: Компанияның үлкен және белсенді клиенттік базасы бар, бұл да материалдық емес актив ретінде қарастырылады, себебі ол болашақта экономикалық пайда әкеледі.

– Инновациялық технологиялар мен ноу-хау: Kaspi.kz өз қызметтерін үнемі жетілдіріп, жаңа технологияларды енгізіп отырады, бұл компанияның бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз етеді.

Kaspi.kz компаниясының материалдық емес активтерінің құнының өзгеруі бойынша график түрінде талдау(сурет 1).

Kaspi.kz компаниясының деректерін ала отырып, келесідей есептеулерді жүргізуге болады.

1.Материалдық емес активтердің жалпы активтердегі үлесін анықтау

Бұл талдау материалдық емес активтердің компанияның жалпы активтеріндегі үлесін анықтауға көмектеседі.

Формула [3]:


$$MEA \text{ үлесі} = \left(\frac{\text{материалдық емес активтердің құны}}{\text{жалпы активтердің құны}} \right) \times 100\%$$

Келесі есептеудегі көрсеткіштер 2024 жылғы 3 квартал қаржылық есептілігінің мәліметі бойынша алынды (млн тг).

Есептеу:

$$MEA \text{ үлесі} = \left(\frac{205\,224}{7\,620\,611} \right) \times 100\% = 2.69\%$$

Материалдық емес активтердің 2,69%-дық үлесі – бұл компанияның материалдық емес активтерінің құнының жалпы активтерден қаншалықты аз екенін көрсетеді. Бұл компанияның іс-әрекетінде, мүмкін, физикалық және қаржылық активтер үлкен рөл атқарып, цифрлық технологиялар немесе интеллектуалдық меншік сияқты материалдық емес активтер әлі де дамымаған болуы мүмкін.



Сурет 1. MEA 2022-2024 ж. өзгерісі [2]

Сонымен қатар, бұл көрсеткіш компанияның қаржылық тұрақтылығын талдауға мүмкіндік береді. Егер бұл көрсеткіш төмен болса, компанияның цифрлық немесе инновациялық салаларға шектеулі инвестиция салатынын білдіруі мүмкін, бірақ бұл міндетті түрде теріс белгі емес. Бұл көрсеткіштер мен қорытындылар тек компанияның жалпы қаржылық құрылымын толық талдаудан кейін нақты маңызға ие болады.

2. Материалдық емес активтердің рентабельділігін есептеу

Бұл көрсеткіш материалдық емес активтердің пайда әкелу қабілетін көрсетеді.

Формула [3]:

$$MEA \text{ рентабельділігі} = \left(\frac{\text{таза пайда}}{\text{материалдық емес активтердің құны}} \right) \times 100\%$$

Келесі есептеудегі көрсеткіштер 2024 жылғы 3 квартал қаржылық есептілігінің мәліметі бойынша алынды.

Есептеу:

$$MEA \text{ рентабельділігі} = \left(\frac{601\,000\,000\,000}{189\,785\,000\,000} \right) \times 100\% = 3.16\%$$

Бұл көрсеткіш материалдық емес активтер (MEA) бойынша рентабельділіктің деңгейін көрсетеді. Қазіргі жағдайда рентабельділік коэффициенті 3.16% құрайды, бұл компанияның материалдық емес активтерін пайдаланудан алынған таза табыс пен оның құны арасындағы қатынасты білдіреді.

Рентабельділік коэффициентінің 3.16% болуы компанияның материалдық емес активтерін тиімді пайдаланып жатқанын көрсетеді, бірақ бұл көрсеткіш сала бойынша өзгереді. Бұл пайыздың салыстырмалы түрде төмен болуы, мүмкін, компанияның материалдық емес активтерінің мәні мен нарықтағы олардың үлесі әлі де даму кезеңінде екендігін білдіреді. Егер компания цифрлық активтерді немесе интеллектуалдық меншікке көп инвестиция салуды жоспарлап жатса, болашақта бұл көрсеткіштің жоғарылауы мүмкін.

3.16% рентабельділік көрсеткіші компанияның ұзақ мерзімді стратегияларына және жаңа нарықтарға шығуға байланысты өзгеруі мүмкін, әсіресе цифрландыру мен инновацияларға көбірек назар аударылса.

Материалдық емес активтер цифрлық экономиканың ажырамас бөлігіне айналып, компаниялардың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігіне елеулі әсер етеді. Олар патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректер, алгоритмдер, брендтер және инновациялық технологиялар сияқты әртүрлі нысандарды қамтиды. Қазақстанның цифрлық трансформацияны дамытуы осы активтердің маңыздылығын арттыруда, алайда олардың толық әлеуетін жүзеге асыру үшін тиімді басқару, құқықтық қорғау және халықаралық тәжірибені қолдану қажеттілігі туындайды.

Kaspi.kz сияқты жетекші компаниялардың тәжірибесі көрсеткендей, материалдық емес активтерді дұрыс пайдалану бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз етіп, жоғары табысқа жетуге ықпал етеді. Алайда, Қазақстанда бұл сала әлі де даму сатысында, және материалдық емес активтерді бағалау мен басқаруға ерекше назар аударылуы керек.

Болашақта Қазақстанның цифрлық экономикадағы табысы осы активтерді тиімді басқару стратегияларына байланысты болмақ. Бұл үшін заңнаманы жетілдіру, инновацияларға қолдау көрсету және цифрлық білімді дамыту маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. «Нематериальные активы. Управление, измерение, отчетность» / Лев Барух ; Издательство "Квинто-Консалтинг" – 2003.
2. Kaspi.kz //www.kaspi.kz/financial-information/
3. Экономикалық талдау : оқу – әдістемелік құрал / А.Ғ. Қасымова , Л.А. Темірбекова ; Акад. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік ун-ті. – Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2015. – 365 б.

Көлік бизнесінде есеп пен аудитті ұйымдастыру ерекшеліктері

А.О. Құсайын

«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті

kusainaikyn@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Хишаева Ж.Т.

Бухгалтерлік есеп және аудит кафедрасының қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к.

Zhanat-t2007@mail.ru

Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Бұл мақалада көлік бизнесінде есеп пен аудитті ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері қарастырылады. Көлік бизнесінің экономикалық маңыздылығы, қаржылық есеп жүргізу талаптары және аудиттің рөлі талданады. Есеп объектілері, шығындар құрылымы, халықаралық стандарттарға сәйкестік және экологиялық нормаларды сақтау мәселелері талқыланады. Заманауи технологияларды енгізу, автоматтандыру және кәсіби аудиттің тиімділігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: көлік бизнесі, бухгалтерлік есеп, аудит, қаржылық есептілік, салық салу, халықаралық стандарттар, автоматтандыру.